

## ФИЛОЛОГИЯ БӨЛІМІ



**Филология бөлімінің меңгерушісі –**

- **Халыкова Айжан Магауияновна**
- **Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы**
- **І.Жансүгірұлы көшесі 4, каб 207**
- **Телефон: 8 (7172) 501613 (ішкі 107);**
- **E-mail: [mag-aizhan@mail.ru](mailto:mag-aizhan@mail.ru)**



**Филология бөлімінің лаборанты – Нуртаизина Арайлым Маратовна**

- **Телефон: 8 (7172) 50 16 13 (ішкі 107);**
- **E-mail: [araylym9421@mail.ru](mailto:araylym9421@mail.ru)**

Филология бөлімі төмендегідей мамандықтар дайындайды:

9 сынып негізінде:

- **Мамандық:** 0111000 «Негізгі орта білім беру»
- **Біліктілік:** 0111013 «Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі»

1995 жылы «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы ашылып, ана тіліне деген құрмет, мемлекеттік тілді асқақтату, дәріптеу жұмыстарына тереңдеп көңіл бөліне бастады.

1999 жылы «Мемлекеттік тілде оқымайтын мектептерде қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы ашылды.

Колледжден білім алған қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің түлектері қазіргі кезде облыстарымыздың түкпір-түкпірінде өз мамандықтары бойынша еңбек

етіп жүр Колледж ұжымы тілдерді дамытуға, қоғам талаптарына сәйкес қазақ тілінде сапалы білім беріп, маман дайындауға ерекше назар аударады. Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының зерттеу тақырыбы «Ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы жеке тұлғаның шығармашылық қабілетін дамыту» Ақпараттық технологияларды қолдану арқылы білім сапасын арттыру оқушылардың кәсіби шеберлігін шыңдау мақсатында жұмыс атқарады 2010 ж.15 қарашада Қазақ халқының озығы жеткен дәстүрлерін дәріптеу мақсатында қалалық қазақ халқының салт – дәстүрлері байқауына қатысып, «Ашаматай» дәстүрін көрсету нәтижесінде «Үкілі үміт» номинациясы бойынша ІІ дәрежелі Дипломмен марапатталды. Мамандық студенттері тіл дамыту мәселесі бағытында қалалық, республикалық, халықаралық сайыстар мен ғылыми-конференциялардың жүлдегері атанып жүр. Мамандық бойынша «Драма», «Қаламгер» үйірмелері, «Сырлы сұхбат» бағдарламасы, «Оқырмандар конференциясы» жүйелі жүргізіліп, оң нәтижесін беріп отыр.







2000 жылы «Шетел тілі» мамандығы ашылды.

9 сынып негізінде:

- **Мамандығы:** 0111000 «Негізгі орта білім беру»
- **Біліктілік:** 0111083 «Шетел тілі мұғалімі»

Қазіргі кезеңде Қазақстанда әлемдік білім беру кеңістігіне бағытталған жаңа талаптарға лайықты білім беру жүйесі жүзеге асып келеді. Жаңа заман талабына сай білім беруде шығармашылық қабілеті мол, жан-жақты тұлға тәрбиелеуде жаңаша педагогикалық технологиялар өте қажет. Осыны түсіне отырып, шетел тілдер пәндер бірлестігінің оқытушылары – болашақ мамандар бойында азаматтық сана-сезімді, отансүйгіштік, қазіргі заман талабы қажет еткендей үш тілді меңгерген, бәсекеге сай құзыретті мамандарды дайындау. Шетел тілдер пәндер бірлестігі өз алдына «Инновациялық технологияны пайдалану арқылы болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін дамыту» проблемасы бойынша жұмыс жасайды. Бұл тақырыпты қолдануда бірлестік озық педагогикалық технологияларды шебер қолдана отырып, студенттердің танымдық белсенділігін арттыру болды. Қазіргі заман талабында ағылшын тілін сапалы, жан-жақты, әрі өмірлік жағдайларға сай оқытудың маңызы зор. Осыған орай, ағылшын тілін оқыту әдістемесінде әр түрлі шетел тілін оқыту әдіс-тәсілдері қалыптасқан. Әдіскерлер шетел тілін оқушылар «өмірлік мәні жоқ» лексико – грамматикалық түрде меңгеруді мақсат етсе, тіл өмірлік қасиетін жоғалтатынын және тұлға да, тіл де – мәдениет өнімі болып келетінін байқады. Сондықтан оқытуда қазіргі кезде заман талабына сай лингвоәлеуметтік-мәдениеттік және коммуникативтік әдістер тиімді рөл атқаратындықтан, шетел тілін «өмірлік» және «жағдаяттылық» жолмен оқыту маңызды орын алады. Колледж оқытушылары өз сабақтарында, тәрбие сағаттарында «ҚР Білім беру туралы» Заңын, «ҚР Тіл туралы» Заңын, Білім және ғылым министрлігі бекіткен бағдарламаларын, мемлекеттік білім беру стандартын басшылыққа алады. Оқытушылар қазақ тілі,

орыс тілі, ағылшын тілі сабақтарында оқушыларға инновациялық технологиялар арқылы білім бере отырып, интерактивті тақтаны, компьютерді, интернетпен жұмыс істеуді кеңінен пайдалана алады. Мамандықта шетел тілін дамыту мақсатында «Ladies and gentlemen» үйірмесі, «Тереңдетілген шетел тілі» курстары өтіледі. Колледж оқытушылары, студенттері үшін «үш тілділік» бағдарламасын іске асыру барысында ағылшын тілінен арнайы курстар ұйымдастырылған



